



ӘЛЕМ ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАСЫНАН

# ОЙ-ҚАЗЫНА АНТОЛОГИЯСЫ

XX  
ҒАСЫР









ӘЛЕМ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ МҰРАСЫНАН



АУДАНА ҚАЗАҚСТАН  
АСТАНА - 2024



**Әлем ойшылдарының  
мұрасынан**

**ОЙ-ҚАЗЫНА  
АНТОЛОГИЯСЫ**  
*(XX ғасыр)*



**"АУДАРМА" БАСПАСЫ  
АСТАНА – 2004**

14/100)

ББК 87.3(0)

О 45

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Ой-қазына антологиясы (XX ғасыр).

О 45 *Жобаның авторы* Жомарт Әбдіхалық

Астана: Аударма, 2004. — 544 бет.

ISBN 9965-18-116-0


Бұл жинаққа әлем ойшылдарының үлкен легінің туындыларынан үзінділер топтастырылған. Қазақ оқырмандары тұңғыш рет XX ғасырдың қоғамдық, саяси-әлеуметтік, философиялық ой-қазынасына ден қоя алады. Бұл жинаққа туган топырағымыздан Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының ақыл-ой мұрасынан да арнайы үзінділер енгізілді.

Ой-қазына антологиясы — мәдени-рухани өміріміздегі алғашқы қадам. Кеше ғана кейін қалған ғасыр қазынасы жаңа мыңжылдық бастауында Тәуелсіз Қазақстанның ілгері тартқан көшін түзесуге, сөз жоқ, септігін тигізеді деген ойдамыз. Қоғамдық ой-пікірге зер салғысы келген әрбір жас, студент, ұстаз бұл кітап арқылы әлем ойшылдарының рухани қазынасына жол тарта алады.

Ой-қазына антологиясының жобасын құрастырып,  
баспаға әзірлеп, оған редакторлық еткен Жомарт Әбдіхалық

О 0301010000 — 126  
00 (05) — 04

ББК 87.3 (0)



ISBN 9965-18-116-0

© «Аударма» баспасы, 2004



---

---

## КАРЛ ЯСПЕРС (1883-1969)

Карл Ясперс — XX ғасырда ерекше өзіндік орны бар әйгілі неміс философы, экзистенциализмнің негізін салушылардың бірі. Ол Гейдельберг және Мюнхен университеттерінде заң ілімін, Берлин, Геттинген және Гейдельберг университеттерінде медицина мен психиатрия ғылымын оқып игереді. 1908-1915 жылдары Гейдельбергтегі психиатрия клиникасында жұмыс істеген. 1913 жылы Виндельбандтің кафедрасында "жалпыға бірдей психопатология" тақырыбы бойынша диссертация қорғайды. Ал 1922 жылдан бастап Гейдельберг университетінің философия профессоры деген атаққа ие.

Карл Ясперстің өмірі сол кездегі неміс қоғамының саяси шарпуынан тыс емес. Ол 1937 жылы әйелі еврей ұлтынан болғандығы үшін оқытушылық қызметтен сырттатылады, ал келесі жылы оның еңбектерінің жариялануына тыйым салынады. Сол дүрмекті аласапыран кезеңді бастан кешірген ол 1948-1961 жылға дейін Базель университетінің философия профессоры дәрежесінде оқытушылық қызмет атқарады.

Ясперсті философ ретінде танытқан еңбегі — оның "Көзқарастар психологиясы" (1919 ж.) атты кітабы. Мұны Германиядағы экзистенциализм философиясының алғашқы манифестік жаршысы аталуы негізсіз емес. Ол кейін де батыс әлемінде танымал көптеген еңбектер жазды. Әсіресе, "Философия" атты үш томдық іргелі еңбегі кеңінен танымал.

Карл Ясперс көзқарасының қалыптасуына Платон, Плотин, Фома, Аквинский, Н. Кузанский, Б.Спиноза, И.Кант (сыни кезеңі), Ф.Шеллинг, С.Кьеркегор, Ф.Нише, Э.Гуссерль еңбектері елеулі әсер еткен. Бірақ ол өз дүниетаным ерекшелігі бар ойшыл деңгейіне көтеріліп, XX ғасырдың ақыл-ой дамуының сипатында өзі де айтарлықтай із қалдырды.

## ТАРИХТЫҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҚСАТЫ

... Бостандық тек адам өзгерісімен байланысты пайда болады. Оны адамдар өзгеріссіз қалған қауымдастықта зорлықпен енгізілген институттар арқылы қалыптастыруға болмайды; ол өздерін өзгертуге әзір кісілердің аралас-құраластығына, түрліше қарым-қатынасына және пікірлестігінің сипатына байланысты. Сондықтан да бостандық негізгі қалпында жоспарлауға келмейді, дегенмен адамдар нақты міндеттерін дұрыс қойып, шеше білген жағдайда олар бірлескен түрде бостандық ала алады.

Адамдарды бостандыққа жеткізу дегеніміз — олар өзара пікір алмасып қарым-қатынасқа түскен кезде бір-біріне бүкпесіз ашық бола алатындай жағдайға келуі. Бірақ бұл алданып қалудан мүлдем қол үзу емес. Олай болмайтыны: егер олар ашық бола тұрып іштеріне бүккен жасырын ойлары болса, егер пікірлесушімен іштей байланыссыз қалып, сол арқылы басқа бір мүмкіндіктерін сақтаса, егер олардың бір-бірлеріне айтқандарында шын мәнінде бірдеңені жасырып қалу нышаны, жалған айту немесе алдарқату байқалып тұрса. Шынайы қарым-қатынас адал жүректі ашықтықты қалайды. Ақиқат тек екі жақтың өзара толық ашықтығынан ғана туындайды.

Ақиқатпен және оған негізделген бостандықпен белгілі бір қабылданған шарттардың аясындағы немқұрайдылықпен күн кешкен тіршілік те, сондай-ақ барша белгіленген бір ғана көзқарас, дүниетаным болуға негізделген диктаторлық билікке бағыныштылық та еш қабыспайды және өз ойыңды тіпті жеке хаттарыңа дейін белгілі бір үйреншікті пішіп-қатталған сөздермен ғана жеткізумен еш жанаспайды; дәл осы сияқты ақиқатпен және бостандықпен көзсіз өзеуреген асқақ пафос та жараса алмайды.

өйткені сол арқылы біреулер үшін ызалы өктемдікпен және көңілге тиетіндей тұрғыдан ақиқатты иелену жарияланады, мұның өзі, түптеп келгенде, тек өзгелерді қорлауға бағытталған. Ақиқатқа бұлай көзсіз озбырлық жасаудан оның тек қарым-қатынас олқылығынан болатын толымсыздығы ғана танылады.

Шындығына келгенде, үзілді-кесілді абсолютті ақиқатқа ешкім не емес. Сондықтан оны іздеу дегеніміздің мәні — ұдайы ауыс-түйіс байланысқа түсуге әзір тұру және ондай пейіл ашықтығын басқалардан да күту. (...)

Теория жүзінде тілек пен ақыл туралы ойға берілген кезде біз өзіміздің күнделікті өміріміздегі, тіпті жасырын түрде болса да, орын алатын басты шындықты, билік туралы ақиқатты оп-оңай естен шығарамыз. Билікті орағытып өтуге болмайды. Бірақ та, егер жеке адамдардың біліп-білмеуіне қарамастан, ешқандай көз жазып құтылуға болмайтын шындықтың қалпы ретінде биліктен ада адам тіршілігі болмайтын болса, егер билік өз қалпында жамандық қана болса, онда мынандай сұрақ туады: билікті өзінің шын мағынасындағы қажетті аясында қалай енгізіп, оны өзінің белгілі бір тәртіпті қамтамасыз етудің құралы болатындай шегіне дейін, ал одан асып кетсе еш қажеті болмайтындай күйге қалай айналдыруға болады? Басқаша айтқанда, билікке тән жаманшылықты болдырмаудың жолы қандай?

Мұндай сұрақтарға жауапты тарих қойнауында белгісіз кезеңнен бері жалғасып келе жатқан заңдылық пен зорлық арасындағы күрес беретіндей. Әділдік белгілі бір мұратты көксеуге негізделген заң бойынша, табиғи құқық негізінде қалыптастырылған заң арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Алайда осындай белгілі бір мұратты көксеген заңның өзі іс жүзінде қоғамның өзі үшін шығарып және өзі соған бақұл болғандығынан ғана тарихи заң ретінде шынайы қолданысқа ие бола алады. Адам бостандығы ол өмір сүретін мемлекетте қабылданған заңдардың күшіне енген сәтінен басталады.

Мұндай бостандық саяси бостандық деп аталады. Заңға негізделген бостандық еркіндігі бар мемлекет құқықтық мемлекет болып табылады. Заңдарды қабылдау және оларға өзгерістер енгізу заңды түрде жүзеге асырылса ғана ол құқықтық мемлекет бола алады. Демократиялық мемлекеттерде бұл халықтың еркі, оның әрекет-қимылы арқылы немесе олардың тікелей және жанама түрде қатысуы арқылы өтетін еркін

сайлауларда сенімге ие болған өкілдер арқылы жүзеге асады. Саяси бостандық туралы айтқанда, біз халық еркінің саяси ахуалындағы ішкі бостандығы болып табылатын жайды еске алып отырмыз. Мемлекеттің сыртқы бостандығы оның өз ішіндегі қатыгездікпен және еріксіздікпен сыйыса береді. Мемлекеттің сыртқы еріктілігінің болмауы, әрдайым демегенмен, өзінің егемендігін жоғалтумен қатар негізінен ішкі еріксіздікке де ұрындырады. "...". Ішкі саяси бостандықтың қайнар-күші, шынында да, әуел бастан өзін саяси ұлт дәрежесінде орнықтыра алатын халықтың тек өзін өзі саяси тәрбиелеуінен ғана бастау алады. "...".

Мұның бәрі былайша қарағанда өте қарапайым естіледі: адамдар табиғи құқықтың және соған қатысты туындаған заңдылықтың арқасында мұратқа сай еркіндік жағдайында өмір сүруі үшін олар сондай түсінікке келіп, өздерінің ерік-жігерін білдірсе болды, бәрі орындала қалатындай әсер туады бұдан. Алайда, біріншіден, құқық әрбір тарихи сол жағдай үшін әрдайым нақты ерекшелігімен айқындалады. Міне, тек сондықтан да заңдар өзгерген жағдайға байланысты өзгеріп, алмастырылып отырады. Екіншіден, әрдайым заңды бұрмалауға бейім тұратын биліктің өзін ауыздықтап отыру қажет, ал бұдан заңға негізделген қылмысты әрекеттерге қарсы бағытталған күш қолдану келіп туындайды. "...".

Заңдылық жағдайында оның тікелей әсері, еркіндік және бір ағымды тыныштық үстемдік алады. Ал, күш қолданудың өктемдігі жағдайында іштен тыну мен құпия тұйықтық, зорлап ырыққа көндіру және беймазалық етек алады. Құқықтық мемлекетте озара сенім үстемдік етсе, күш қолданып мәжбүрлеуші мемлекетте адамдардың бір-біріне деген жаппай сенімсіздігі өріс алады.

Сенім болуы үшін берік тиянақ, мызғымайтын негіз қажет, былайша айтқанда, кез келген тәртіп бұзушы ешқандай қиындықсыз-ақ қылмыскер деп жарияланып және ол сол қоғамнан аластатылатындай жалпы көпшіліктің сенім-ықыласын туғызатындай керемет бір тетік қажет. Дәл осындай мызғымас сенімді легитимділік деп атайды. "...".

Мәселен, Ферреро легитимділіктің негізіне монархтардың тұқым қуалап жалғасатын құқықын немесе бүкілхалықтық сайлауда неғұрлым көп дауысқа ие болғандарды жатқызады.



Заңды, легитимді билікке ие болушы халықтың келісіміне арқа сүйей отырып, алаңсыз билік жүргізе беруіне болады. Заңдылыққа арқа сүйемеген әмірші халық алдында қатерлі қорқыныш сезінумен болады, өйткені оның жүргізген өктем билігі басқалардың да зорлығын туғызады, сөйтіп, үрей билеген әмірші бірінен бірі асқан жазалау әрекеттеріне бой алдыруға мәжбүр, ал мұның өзі келе-келе сол қоғамда үрей мен қорқыныш басым болуына әкеліп соқтырады. Легитимділік дегеніміз — қажетті тәртіпті сенім арқылы үздіксіз өмірге әкелетін сиқыршы тақылетті; ал легитимділіктің болмауы — барлық жерде сенімсіздік пен үрейге негізделген зорлаушылықты туғызатын зорлықтың өзі.

Легитимділіктің негізін оп-оңай сынға алуға болады, оның күмәнділігі бірден байқалатындай болуы мүмкін: мысал үшін ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құқық ақылға сыйымсыз деп санауға болады, өйткені мұндай заң ақымақ және мінездік тұрғыдан әлжуаз адамға да заңды билікті иеленуге мүмкіндік береді, ал көпшілік дауыспен сайланушы да сенімсіздік туғызуы ықтимал, себебі мұндай жағдай қателіктің, кездейсоқтықтың, бұқара көпшілікті алдарқату салдарынан өткінші көңіл күйдің ықпал-әсерінен болуы мүмкін. Сондықтан легитимділіктің өзі әрдайым қатерде болып тұрады. Ақылға салып таразылаған жағдайда оның өзіне күмәнді сұрақтар аз болмайды. Бірақ, таңдау легитимділік пен деспотизмнің екеуінің бірін қалау тұрғысынан болғандықтан, легитимділік адамның үрей қорқынышсыз өмір сүруге болатын бірден-бір жолы болып табылады (тіпті, осы жолда әлдеқалай жіберіп алған қателіктеріңді жөндеп түзете алатындай мүмкіндік бар). Біздің дәуіріміз мұны сайлаулардан және дауыс беру арқылы таңдау жасаудан көріп отыр.

Легитимділіктің негізінде көптеген кемшіліктер бар. Олардың дені әділетсіз және қажетсіз. Мемлекеттік билік тағына сайланғандар ақымақ адам болуы ықтимал, қабылданған заңдар әділетсіз әрі зиянды болуы мүмкін, олардың әрекеттері ыза-кек туғызуы да ғажап емес. Биліктің легитимді болуы таңдаулыларды және заңдарды қорғамақ, бірақ оны толық қамтамасыз ете алмайды. Жаңадан болатын сайлаулар адамдарды сапарылыстырып алмастырады, жаңа легитимді шешімдер заңдарға өзгеріс енгізеді. Заң жолымен жүзеге асатын бұл екі көріністен

туындайтын жағдай қажетті өзгерістер енгізуді зорлықсыз күштеу қолданбай-ақ жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Легитимділікті сезіну деспоттық режим жағдайында болатын абсолютті қатыгездік — террор мен үрей қорқынышты болдырмау жолындағы елеулі кемшіліктермен санасуға мәжбүр етеді. Саяси еркіндік бейнебір таза ақылға қонымдылықтың нәтижесінде орнай қалмайды, ол легитимділікпен тікелей байланысты.

Билік шектен асқан тежеусіз күшке айналмауы үшін легитимділік қажет. Тек легитимділік болған жағдайда ғана еркіндік болуы мүмкін, өйткені ол билік өктемдігін шектеп-шеңберлеп отырады. Легитимділік болмаған жерде еркіндік те ғайып бола бастайды. "..."

Жеке адамдардың еркіндігі — барлық адамдар еркін болған жағдайда — тек басқа адамдардың бәрінің еркіндігімен қатар жүзеге асуы мүмкін. Құқықтық тұрғыдан жеке адам өзгелерден бөлініп оңашалана алатындай дербес еріктілігінің аясын (теріс, жағымсыз мағынадағы еркіндік) сақтай алады. Бірақ, адамгершілік қарым-қатынас еркіндігі тек ешқандай мәжбүрлеусіз сүйіспеншілік пен ақыл-парасат негізінде (оң мағынадағы еркіндік жағдайындағы) өзара қарым-қатынастың ашықтығы арқылы ғана көрініс табады.

Тек құқық арқылы дәйектелген теріс мағынадағы еркіндік арқылы ғана оң мағынадағы еркіндік жүзеге асырыла бастаған жағдайда мынадай тезис өз мағынасына ие бола бастайды: адам өзінің төңірегінде қандай еркіндікті көре алса, демек, басқа адамдар қаншалықты дәрежеде еркін бола алса, сол деңгейде ғана еркін бола алады.

Адамның көңілі хош көретін екі түрлі қалауы бар: біріншісі, өзін зорлықтан қорғау; екіншісі — өз көзқарастыры мен өзінің іс-әрекеттерін мәнді деп санауы. Қорғануды оған құқықтық мемлекет бере алады, ал оның көзқарасы мен ерік-жігерін білдіруіне демократия мүмкіндік жасайды.

Еркіндіктің күш алуы тек егер билік құқық арқылы икемге кенген жағдайда орнығуы мүмкін. Еркіндік құқыққа қызмет ететін билік үшін күреседі. Еркіндік өз мақсатына құқықтық мемлекетте ғана жете алады. Заңдардың барша адамдар үшін бірыңғай ортақ күші болуы керек. Оларды өзгерту тек құқықтық заңды жолдар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Қажетті күш қолдануды жүзеге асыру заң арқылы реттеліп отырады. Мәселен, полицейлік билік өктемдігі заңды бұзушыларға қарсы және асыра сілтеуге жол бермейтін белгіленген заң аясындағы нұсқада қолданылуы ықтимал. Сондықтан саяси полицияға ешқандай да қажеттілік жоқ. "..."

Жеке тұлға ретіндегі адамның құқықтарының мызғымайтындығына оның қоғам өміріне араласу құқығы қосылады. Мұндай жағдайда еркіндік тек демократия болғанда ғана, демек, барлық адамдардың еркін білдіре алатын жағдайларға қатысуына мүмкіндік туғанда ғана жүзеге асады. Әрбір адам өзінің саяси көзқарасының жетілгендігіне қарай және сол көзқарастарының сендіре алатындығына қарай өзін танытып, мойындата алуы мүмкін. "..."

Демократиялық мемлекетте үкімет заңды түрдегі жолмен, ешқандай зорлық күшін қолданбай-ақ орынынан тайдырылуы, оның құрамына өзгерістер енгізілуі немесе әртүрлі құрылымдар енгізіліп, өзгеріске түсуі мүмкін және осындай өзгерістер бүгінгі өмірде ұдайы жүзеге асырылып та келеді. Еркін демократиялық қоғамда белгілі бір адамдар ұзақ уақыт бойы үздіксіз үкіметтің лауазымды қызметтерін атқара бермеуге тиіс.

Жеке адамдарды зорлықшыл күштен қорғауға басқа барлық адамдарды жеке бір адамның өктем билігінен қорғап алу сәйкес келеді. Мұндайда, тіпті, мемлекет алдында сіңірген өте зор қызметтерінің өзі жеке адамдардың құқықтарына өкімет билігінің өктемдігін жүргізуге негіз бола алмайды. Адамның аты адам және олардың ең жақсы дегендерінің өзі, егер оның билігі белгілі бір шеңберде шектеліп отырмаса, ол сондай қатер төнгізуі мүмкін. Сондықтан алмаспай билік жүргізушілер принциптілік тұрғыдан сенімсіздік туғызады және аса зор көлемде билік қолына тигендердің өзі кезекті сайлаулардан кейін аз уақытқа болса да ығыса тұруы керек. Мұндай жағдайда қандай да бір мемлекеттік қайраткерді шектен асыра өлшеусіз дәріптеудің реті жоқ. Ал, белгілі бір қалыптасқан жағдайда өз билігін ешқандай айла-шарғысыз келесі біреуге тапсырғандар жалпы көпшіліктің ықыласы мен құрметіне ие болады. "..."

Еркіндік ашық түрде ештеңемен шектелмеген пікір-таласты қажет етеді. Мұндай пікірталас толық хабардарлық негізінде кең көлемде жүзеге асуы үшін, еркіндік адамдардың бәрінің танысуы мүмкін болатындай дерек-ақпараттарды, қатысушы әртүрлі

жақтардың барлық дәлел-деректерін талап етеді, тіпті, мұндай талап және барша қауымға бағыталады.

Сондықтан да баспасөз, жиналыстар, сөз бостандығы қажет. Бір-біріңді иландыруға, бір-біріңді насихаттауға болады, бірақ мұның бәрі тек еркін бәсекелестік түрінде болуы керек. Шектеу тек соғыс жағдайында ғана болуы мүмкін. Бірақ соның өзінде пікірлерді жеткізіп хабарлау емес, деректерді хабарлау ғана шектеледі. Шектеулер қылмыстық құқық тәртібіне байланысты да болуы мүмкін (жалған жала жабу, намысқа тию және сол сияқты жағдайларға байланысты).

Әрбір адам белгілі мәселені бірлесе талқылай отырып, бір шешімге келеді. Мұндайда саяси қарсыласың жауың бола алмайды. Еркіндік тіпті қарсыласың болса да, онымен өзара бірлесе қызмет етуге, әзір болған жағдайда ғана сақталуы мүмкін. Принципті тұрғыдан келгенде өзара пікірлесіп, мәселе талқылауда ешқандай шек жоқ (тек ерекше жағдай сол, мәселеге қылмыскер араласпауы керек) «...»

Саяси бостандық дегеніміз — демократия, бірақ оның өзі тарихи жағдайлардан туындаған нұсқада және соған сәйкес деңгейде ғана көрініс табады. Демократиялық формалар әрдайым қанқұйлы қатыгездікпен өрімдес көрінетін бассыз бұқара көпшіліктің билік өктемдігін (охлократияны) жоққа шығарады. Сондықтан мұндай жағдайда аристократиялық топқа жататындарға артықшылық беріледі, себебі, оның құрамы жеке қызметіне, сіңірген еңбегіне және қол жеткен жетістіктеріне қарай халықтың барлық топтарынан шыққан адамдардан толығып отырады және халық оларды өздерінің өкілі деп санайды. Мұндай аристократия класқа немесе элитаға жатпайтыны анық. Тәрбие арқылы олардың қалыптасуы, олардың қадір-қасиетін сыннан өткізу және оларды таңдау, болмашы дәрежеде ғана алдын ала артықшылық берілгендей болып көрінуі мүмкін, дегенмен мұның өзі еркін демократияның жағдайына жатады. Демократияның сөзсіз талабы сол — осылай қалыптасқан элита біржола бекітіліп, яки сол азшылық қалпымен диктаторлық билікке айналып кетпеуінде. Еркін сайлаулар әлгі таңдаулы топтың (элитаның) сіңірген еңбегін тексеріп отыруға қызмет етуі керек және бұл оларды ұдайы бақылауға алудың жолы. Міне, осындай жолдар арқылы билік басында тұрған адамдар бірін-бірі алмастырып

және қайтадан орын ауыстырып отырады. Саяси аренаға қайта оралып немесе одан біржола табанын тайдырады.

Сайлаулар өткізуді және саяси элитаның қалыптасуын партиялар жүзеге асырады. Еркіндік орнаған қоғамда міндетті түрде бірнеше партия, тым болмаса, ең азы екі партия болуы тиіс. Партия дегеніміз — өзінің ұғымдық мағынасы бойынша да, сөздік мазмұны тұрғысынан да тұтастың бөлшегі деген сөз. Еркіндік орнаған қоғамда партияның бірден бір жеке дара күшке айналуына жол жоқ. Тоталитарлық әміршілдікке ұмтылған партияның еркі бостандыққа қайшы келеді. Мұндай партияның жеңісі бостандықты жоюмен тең. Сондықтан да еркін болғысы келетін партиялар өздерімен қатарлас басқа да партиялардың болғанын жақтайды. Бұл арқылы олар партияларды мүлдем жойғысы келмейді. Осы сәтте жеңген партиялар оппозициялық жолға шығады, бірақ осындай жағдайдың өзінде олар тұтастық үшін жауапкершіліктің белгілі бір үлесін мойындарына алады. Олар белгілі бір кезеңде сайлау нәтижелері басқаша болған жағдайда билікте болуы ықтимал екендігін ескеріп, соған сәйкес әрекет етеді. Біқпалды оппозицияның болуы еркін қоғамның міндетті түрдегі сипатты белгісі болып табылады.

Демократияның әдіс-құрылымы демократиялық өмір-салтпен тікелей байланысты. Олардың біреуінің сипатты көрінісі болмаса, екіншісі де көрініс таба алмайды. Саяси бостандық жағдайы тек халықтың қалың бұқарасын ұдайы бостандық сезім билегенде ғана, егер мұндай сезім сол бостандықтың нақты жағдайына бағытталып, адамдар оны сақтауға ұмтылыс жасағанда ғана орнығуы мүмкін. Мұндай бостандықтың қандай күш-жігер жұмсау арқылы өмірден орын алатыны өзінен өзі түсінікті: оны тарихи үдерім (процесс) барысынан да, халықтың тұтастай өзінен жетіліп, тәрбиеленуінен де байқауға болады.

Саяси бостандық адамның алған барлық бостандықтарына мүмкіндік туғызуға тиіс. Саясат адам өмірінің түпкі мақсатын жүзеге асыру тұрғысынан емес, қоғамдық тәртіптің мақсаттарын жүзеге асыруға негіз ретінде бағытталған. Сондықтан саяси бостандыққа бір сәтте екі түрлі жағдай тән: бірі — бостандыққа барын сала ұмтылу болса, екіншісі — алдында тұрған мақсаттарды нақпа-нақ айқындай алуға ұмтылу. Қоғамдық құрылыс адамға неғұрлым жеткілікті бостандық бере алуы үшін құқықтық тәртіп түпкілікті тұрғыдан қажетті шектеулермен



шендесуі керек. Егер бостандық саясаты бұдан басқа да ықпалдарға ырық берсе, онда ол таза болып есептелмейді.

Саяси бостандықтың сипатты белгісі саясаттың дүниетанымдық көзқарастан ажыратылуы болып табылады. Бостандықтың неғұрлым дес ала бастауына байланысты саясат аясынан діни (конфессиялық) және дүниетаным негізіндегі күрес-қақтығыстар ығыстырыла береді. "..."

Саясатта әңгіме барша адамдар үшін бірдей маңызды мәселелер туралы болады: мәселен, адамдардың бәріне жаппай түсінікті олардың наным-сеніміне қатыссыз өмір сүру мүдделері туралы, сондай-ақ тәртіп, құқық және белгілі бір келісімдер арқылы олар өздерінің бір-біріне деген талаптарын қалағаттандыру жөнінде. Бұл арада мынадай сұрақ туындайды, адамдардың бәрі үшін ортақ нәрсе ретінде көрініс беретін не сонда: ол — ол дүниетанымдық көзқарас, тарихи қалыптасқан наным-сенімдер, сонымен бірге өзінің әрекет ету аясы бар белгілі бір өзгешелікке ие үрдістер. Бұл арада көпшілік үшін ортақ нәрсе сол — олар үшін әлгіндей дербес салалардың бар болуы ғана.

Адамдарға өзінің өмір сүру салты бірден-бір дұрыс жол деп есептеу тән, сондай-ақ ол өзіне ұқсамайтын кез келген өмір сүрудің түрін өзіне қарсы, өзінің құқықтарына қол сұғу деп есептейді, оларды жек көреді. Ал мұның өзі жеке көзқарастарды біреуге күштеп таңуға ұмтылушылыққа алып келеді және егер қолынан келсе, бүкіл әлемді өзінің көзқарасына сәйкес қалыптастыруды ойлайды. Өзінің түп негізінде осындай үрдістер жататын саясат күшпен зорлық жасау саясаты болып табылады, ол зорлықшыл өктемдікті ұлғайтады. Мұндай саясат өзінің қарсыласын тыңдан, немесе онымен келіссөз жүргізуге ұмтылуы былай тұрсын — тіпті, сырттай көзалдарқату үшін болса да, — олармен санаспай, қайта оны өзінің ырқына бағындыруға тырысады.

Саясат болса ше, қайнар көзі адамның бостандыққа ұмтылуы болып табылатын ол өзінің қиюсыздау қозғаушы күштерін жеңе отырып, қарапайым мақсаттардың өзінен-ақ қанағат табады. Ол адамдарға барлық қол жетерліктей мүмкіндіктерді беруге ұмтыла отырып, өмір сүру мүдделерімен ғана шектеледі, әрине, мұның өзінде егер ол басқалардың өмірлік қажеттеріне қайшы келмейтін болса. Мұндай саясат басқаларға да көнімді деп қарауға болады. Тек әлде біреулер өзінің шыдамсыздығы салдарынан зорлықпен

күш қолдануды орнықтырып жүрмесе. Сонымен, демократиялық саясат күш қолдануды ұдайы азайтуға бағыттталып отырады.

Мұндай саясат мәні мен мақсаты бостандық болатын сенімге негізделген. Сенім өзінің мазмұны жағынан шексіз алуан түрлі болуы ықтимал, бірақ сенім иелері үшін адам қоғамындағы жағдайлар мен процестердің қажетті әділеттілігі мен заңдылығын түсінуде жалпы нәрсе олардың терең тұрақтылығы болып табылады. Тек сенім ұялаған адамдар ғана көмпістікте айырықша ерекшелік танытады, тек солар ғана өздерінің саяси қызметіндегі адамгершілік тұрғыдан сенімділік таныта алады.

Саясат адам өмірінің былайша айтқанда төменгі деңгейіне, әлемдегі адам атаулының өмір сүру деңгейіне қатысты болғандықтан, — ақиқатында, басқаның бәрі соған байланысты болғандықтан, жауапкершілік сезімі де, саяси қызметтегі құлшыныс та содан туындайтындықтан, — солай бола тұра, ол адамның ішкі бостандығының жоғарғы проблемаларына, оның сенімі мен рухани өміріне тікелей қатысты бола алмайды. Ол тек солар үшін жағдайлар туғызушы ғана.

Бұған мынандай мысалдар арқылы тоқталайық. "..."

Ғылыми марксизм өте жемісті таным әдісін дүниеге келтірді, бірақ бұл ілім тарих философиясы мен социология саласында абсолюттендірілген тотальды ілімге айналып, адасушылыққа әкеп ұрындырды — мұның өзін ғылыми дәлелдеуге болады, -ол қиял әлеміне берілген көзқарас болып шықты. Жеке меншік иелері қосымша құнды пайдалануын болдырмау үшін ірі кәсіпорындарда өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдыру — бұл саяси мақсат болып табылады, оған шын берілген марксист болмай-ақ оны әділдік деп танып, ұмтылуға болады.

Саясаттың темірқазық жолы ретіндегі сенім принциптері бостандық ісіне зиянын тигізбек. Өйткені ақиқаттың бірден-бір иесі болуға ұмтылушылық жаппай билік жүргізушілікке (тотальды әміршілдікке) алып келеді, сол арқылы диктатураға жол ашылып, бостандықтың жолы кесіледі. Саяси бостандық жағдайлары туған кезде бірыңғай көзқарасқа негізделген партияларға іштей сенімсіздік қалыптасады, олар сол арқылы іс жүзінде өздерінің ықпалынан айырылады. "..."

Бостандықты сақтау этостың болуын, адам табиғатының өзінен өзі түсінікті бірлескен рухани өмірі болуын қажет етеді; бұл дегеніңіз — түрлі қалыптар мен заңдарды түсіну, қарым-

қатынастағы табиғи адамгершілік, бір-біріне қол ұшын беруге көңіл аудару және әзір болу, басқалардың құқықтарына құрметпен қарау, тұрмыс жағдайындағы туындаған мәселелерге мәмілегершілікпен қарауға әрдайым дайын болу, аз топқа күш қолданудан бас тарту. Мұндай сипаттағы қағида шеңберінде бостандық жағдайында әрекет етуші партиялардың бәрі бір пікірде. Тіпті, консерваторлар мен либералдардың өздері оларды біріктіруші осы қағидаттарға келгенде бірыңғай.

Бостандық жазылған немесе жазылмаған конституциялар арқылы кепілдік алады. Дегенмен, бостандықтың барлығына кепілдік беретін абсолютті сенімді тетік ешқашан болған емес. Сондықтан да бостандыққа негізделген қоғамда әрдайым сол қоғам үшін мәнді болып саналатын бостандықтың өзін, адам құқын, құқықтық мемлекетті сақтауға, оларды белгілі бір заңсыздықтардан және билікте тұрған көпшілікті қолдаушы партиялардан сақтауға бағытталған қамқорлыққа қажеттілік ұдайы білініп отырады. Егер көпшілік дауыспен сайланған үкімет белгілі бір сәтте, аз уақытқа болса да, жалпы саяси бостандықтың негізгі талаптарын ұмыта бастаса, соған қарсы әрекет ететіндей институттар қажет (бұған мәселені белгілі бір уақыттан кейін қайтадан қарап шешім алуға болатындай, мәселені қайта қарауға жеткілікті уақыт, плебисцит, қабылданған шешімдерді конституцияға сәйкестігін анықтайтын соттар мәжілісі жатады). Олар демократиялық әдістердің абстракты түрдегі абсолютті маңыздылығы ғана немесе көп жағдайда халық еркінің шын мағынасында нақты көрінісі болып жүрген сенімді құралы ретінде құр аты көпшіліктің басым дауыс алуы болмауы керек. Егер көпшілік жағдайда мұндай демократиялық әдістер тиімді болғанымен, кейбір кезде олардың өзін белгілі бір шеңберде шектеу қажеттігі туындайды. Бірақ, бұған жол беру тек мынадай жағдайда ғана — егер адам құқықтары мен оның бостандығына қатер төнген жағдайда ғана оған ырық беруге болады. Мұндай жағдайларда, дәл осындай ширыққан өтпелі тұстарда принциптердің өзін қорғап қалу мақсатында белгілі қағидаттарды аттап өтуге тура келеді. "..."

Демократия мен саяси бостандықтың баршаны тегіс риза ететіндей үзілді-кесілді ешқандай сатысы жоқ. Мынадай жағдайда қақтығыстар ұдайы туып отыратыны аян: жеке адам барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктер беретін кепілдіктердің

шеңберінен шыға бастағанда өзінің шектелгендігін сезінеді, егер еркін бәсекелестік шектеле бастаса, адам сол әділетсіздікті болдырмау үшін басқаша бір қимылдар жасай бастайды, адамдардың табиғи қабілеті мен сіңірген еңбектері ескерілмеген жағдайда жағымсыздық сезінеді, адамдар мемлекет заңдарында өзінің өмір сүру аясында негіз етіп алған әділдік өлшемдері көрініс таппаса, көптеген азаматтар бұған күйінеді. "..."

Әділдікке деген адамның ерік-жігер ұмтылысы ешқашан толық көлемінде қанағаттандырылмайды. Бірақ, саяси бостандыққа қатер төнген жағдайда ондайдың көбімен санаспай бітімдесуге тура келеді. Саяси бостандыққа әрдайым бір нәрсенің есебінен және көп жағдайда аса маңызды жеке мүдделеріңнен бас тарту есебінен, көмпістік танытып, төзімділік көрсету арқылы жетуге болады. "..."

Өзін-өзі тәрбиелеп, жетілмеген халыққа ғайыптан берілген бостандық тек охлократияға және түптеп келгенде тирандыққа әкеліп қана қоймайды, биліктің бұған дейін-ақ кездейсоқ пайда бола қалған дабырашыл топтардың қолына көшуіне жағдай жасайды, өйткені адамдар, шынтуайтқа келгенде, өзінің дауыстарын не үшін бергеніне есеп беріп жатпайды. "..."

Бостандыққа халықтың өз еркі көрсеткен жолдан басқа жол жоқ. Тек өзің мен өз достарыңнан басқа адамдардың бәрін жеккөру арқылы ғана тирандық жолды артық көріп, қалап алуға болады. Мұндай жол өзінің тағдырын өзі түсініп, оны өз қолдарына алуға қабылетсіз және басқалардың жәрдемдесуіне тілемсек құлдарға үстемдік құруға міндетті-міс деп есептейтін жеке-леген топтардың өзін-өзі тағайындауына алып келеді; оларға құлдық ұрушылардың көзқарасы насихат арқылы реттеледі, ал көкжиекті қолдан жасалған көлеңкелер тұмшалап алады. Мұндай жағдайда, тағдырдың жазуы жәрдемдессе, ең азы босаңдау болса да диктатура орнайтыны ықтимал.

Халық сеніміне екеуі де — демократ та, тиран да иек артуға ұмтылады. Дүниенің жеткен ғасыры мынау болып отыр: халықты кім басқарғысы келсе, ол белгілі бір дақпырт уәделерді ауыздарына алуы керек. Халыққа әйтеуір қылмыс пен өтірікті қойнына жасырған демагог та, сол сияқты ойлағаны оң, ізгілік көксеп бостандыққа қызмет еткісі келетіндер де үндеу тастап бағады. Бұлардың қайсысы көш алдына шығады, оны шешетін -

тек халық қана. Сол арқылы ол өзінің дербес тағдырын да алдын ала шешеді.

Алайда егер бұл соңғы шешім болатын болса және оны шығаратын халықтың өзі болса, онда оған неғұрлым дұрыс шешім қабылдау үшін көмектесуге қолдан келгеннің бәрін жасау қажет. Тирандықты жақтаушылар мұндайда даңғаза сайлау науқанын пайдалана отырып, халық еркін білдірудің жасанды көрінісін елестету үшін қолдан келген әдістің бәрін жасап бағады, ондай әдістер арқылы адамдар көп нәрсені (саяси күрестің құралына жарап қызмет ету үшін) біле бастайды, бірақ өзінің ой-пікірін білдіруге қабылетсіз күйінде қала береді. Бұған керісінше, демократия, сайлаудың нәтижесі оның бірден бір заңды құралы болғандықтан, ол сайлауды халық еркінің шынайы, бөтен жағдайлармен бүлінбеген көрінісіне айналдыруға тырысады.

Бұл үшін бірден-бір ықпалды құрал — барлық адамды білімге ұмтылдыру, олардың ерік-жігерін ояту, олар ой жүгірте отырып, өздерінің еркін біртіндеп біле беруі үшін баулу. Солай дегенмен, адамдарды мектепте оқытқандай тек техникалық әдістер мен дағдыларға үйрету қажет емес. (Егер олар мұндай жолмен үйретілсе, онда олар фашистік талаптарды — көзсіз сену, құлдық ұра бағыну, солардың айтқанымен жүріп, күресуді ғана білетін құлдықтың құралына айналады). Бізге, адамдарға өз алдына ой түйіп, пікір қорыту үшін сыни тұрғыдан ойлай білуге және түсінуге дағдыланып, үйрену қажет, ол үшін тарих пен философия әлемі қажет. Білім деңгейінің ұдайы өсіп, ұлғайып отыратын үдеріміне қарай, бүкіл халықты жоғары деңгейге көтеру керек, әрбір адам сірескен бірыңғай қасаң түсініктен арылып, бостандыққа бойлай алуы үшін, оларды үзіп-жарды аз білімнен неғұрлым толыққанды білімге жетектеу қажет. «...»

Екінші жол — халықтың қалың бұқарасының нақты міндеттерді шешуге тікелей қатысуы арқылы іс жүзінде өзін-өзі тәрбиелеуі. Сондықтан демократиялық қауымның қалыптасуы үшін еркін және өзінің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай алатын коммуналдық басшылық қажет.

Тек адамдардың күнделікті іс-тәжірибесінде не нәрсеге үйрене алғандығы ғана, олардың өз өмірлерінің шағын аясында ұдайы атқарып жүрген істері ғана неғұрлым ауқымды аядағы демократиялық қызмет үшін жеткілікті дәрежеде зерделі ете алады.

Үшінші жол — сайлау науқанының өзін ұйымдастыру. "..."



Бостандық пен заңдылықты сақтаудың, деспотизм мен террорды аластаудың шешуші факторы — шынайы сайлаулар өткізу болып табылады. Деспотизмнің көрінісіне шынайы сайлауды болдырмау, оны сайлаудың құр көрінісімен алдарқату жатады, сол арқылы деспотизм біздің қазіргі кезеңде берік орныққан бостандыққа деген ұмтылыстарға мән берген тәрізді-міс. Шынайы сайлауларды болдырмау өткен заманда өліп қалған корольді жазаға тартқанды еске түсіреді; енді сондай жазаға тарту халық егеменділігіне қолданылады. Легитимділік қайнарларын құрсаулау естіп-білмеген зорлықтың үстемдік алуына және бостандықты жоюға жол ашады. «...»

Француз революциясының оқиғаларына назар аударатырып, Токвиль\*\* көпшілікке арқа сүйеудің неге ұласатынына терең зер салады. Адам ақыл-ойының жетістігіне бас иген барлық жағдайда оның құдіреттілігіне шексіз сенім білдіріп, оның кез келген заңдарды, институттар мен адамгершілік қағидаларын түрлендіре алатын құқына өлшеусіз ықылас білдірген болатын. Бұл шын мәнінде адам ақыл-ойының құдіретіне бас ию ғана емес, оның өз ақыл ойына деген ықылас- құрметі еді. Егер, қалай дегенмен, халық шынтауайтқа келгенде бостандықты, құқықты демократияны қалағысы келмесе ше? Біздіңше, бұл халық өзінің әлдебір жоқшылықтың зардабынан, сана-сезіміндегі құлшыныстың бірқымен бұлдырлыққа ұрынудан, болмаса өзінің шынайы талап-тілектерін айқын түсінуден бұлайша бас тартуы мүмкін емес.

Дәл осы жікайырықта бостандықтың ұдайы тұрақсыздығы білінеді. Сондықтан бостандықтың дәйекті болуына барлық адам күш салуы қажет. Өйткені бостандықтың өзі — ең баға жетпес қымбат игілік; ол ешқашан өздігінен келмейді, өзінен-өзі сақталып тұра бермейді. Бостандықты тек оның қадір-қасиетін терең түсінген жағдайда ғана және ол үшін аса бір айқын жауапкершілікті сезінгенде ғана сақтай алуға болады.

Бостандыққа әрдайым қарсыласушылар бар, сондықтан да ол ұдайы қатер аузында тұрады. Егер ондай қатер төніп тұрғаны сезілмейтін болса, онда бостандықтың мәні жойыла бастағаны. «...»

Саяси бостандық мұраттарына кез келген басқа мұраттар сияқты нақты өмірдің ондай бостандыққа ешқандай орын қалдырылмаған сияқты болып көрінетін өмірдің маңызды басқа